

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 732 қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын атқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауды несиелендірудің ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі несиелер беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды және бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік білімдік несиелендіру бағдарламасының әкімшілері болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен екі айлық мерзімде мемлекеттік студенттік несиелер беру тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, өзгерту енгізілді - 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

4. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінен түсетін несиелік ресурстарды қабылдау және оларды мемлекеттік білімдік несиелер бойынша жоғары білімді мамандар даярлауды жүзеге асырушы заңды тұлғаларға аудару үшін, сондай-ақ қарыз алушылардың қаражатты қайтаруын есепке алу және бақылау үшін белгіленген тәртіппен Астана қаласы Қазынашылық басқармасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін

депозиттік шот ашуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен, өзгерту енгізілді - 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 20 шілдедегі

N 1018 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауды несиелендірудің ережесі

Ескерту. Мәтінде "Қаржы орталығы", "Қаржы орталығының", "Қаржы орталығына" деген сөздер тиісінше "Сенім білдірілген өкіл (агент)", "Сенім білдірілген өкілдің (агенттің)", "Сенім білдірілген өкілге (агентке)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиелерді беру үшін Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет туралы заңында көзделген қаражатты пайдаланудың және оларды кейіннен қайтарудың тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне мемлекеттік білімдік несиелендіру бойынша кадрларды даярлауға, осы мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген сомалар шегінде, қаражат бөледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі несие беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ қаражаттың мақсатты пайдаланылуы мен бюджетке қайтарылуына

бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік білімдік несиелендіру бағдарламасының әкімшілері (бұдан әрі - Уәкілетті органдар) болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

4. Мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиелер республиканың жоғары оқу орындарында (бұдан әрі - жоғары оқу орындары) оқу үшін қарыз алушылардың Қазақстан Республикасының тұрақты кіріс көзі бар еңбекке қабілетті азаматының немесе заңды тұлғаның кепілдігін ұсынуы арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарына (бұдан әрі - қарыз алушылар) теңгемен беріледі. Қарыз алушылардың жекелеген санаттарына (жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар) мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиелер көрсетілген кепілдік берусіз беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, өзгерту енгізілді - 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

5. Несие қаражатын бөлу ай сайын жүзеге асырылады. Мемлекеттік білімдік несие 15 (он бес) жылға дейін, мемлекеттік студенттік несие 10 (он) жылға дейін мерзімге беріледі. Несие мерзімін есептеу үш жақты несие келісімі (бұдан әрі - үш жақты келісім) жасалған күннен басталады. Қарыз алушының несиені өтеуі жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін алты айдан соң басталады. Төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген сенім білдірілген өкіл (агент) (бұдан әрі - сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы, несиені өтеу кестесіне сәйкес жылына кемінде екі рет кезеңділікпен республикалық бюджетке т е н г е м е н т ө л е н е д і .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, өзгерту енгізілді - 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Сенім білдірілген өкіл (агент) үш банкі күні ішінде шотқа қате не кредит бойынша борыш сомасынан артық түскен қаражатты қоспағанда, несиелерді өтеу немесе игерілмеген несие қаражаттарын қайтару шотына түскен қаржыларды республикалық бюджет кірісіне аударады.

Шотқа қате не кредит бойынша борыш сомасынан артық түскен қаражатты Сенім білдірілген өкіл (агент) көрсетілген қаражатты салушыға қайтаруға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, өзгерту енгізілді - 2006.03.23. N 199 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

2. Мемлекеттік білімдік несиені беру

8. Мемлекеттік білімдік несие - кәсіби білім беруге ақы төлеу үшін оқушыларға берілетін мақсатты несие.

9. Мемлекеттік білімдік несие талапкерлерді кешенді тест байқауынан өткізудің нәтижелері бойынша берілетін мемлекеттік сертификаттардың балдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемінде конкурстық негізде беріледі.

10. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

11. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі талапкерлерді тест байқауынан өткізуді және елдің жоғары оқу орындарына мемлекеттік білімдік несиені алуға талапкерлерді іріктеуді ұйымдастырады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

12. Талапкер мемлекеттік білімдік несиені алуға өзі оқитын мамандықты және жоғары оқу орнын таңдайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне оның ведомстволық бағыныстағы жоғары оқу орындарының мамандықтары бойынша талапкерлерді тест байқауынан өткізудің және мемлекеттік білімдік несиені алуға талапкерлерді іріктеудің нәтижелерін береді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен, 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

14. Уәкілетті органдар заем алушыға жоғары оқу орнын, мамандығын, несие алушыға мемлекеттік білімдік несиені алуға құқық беру туралы куәлік береді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

15. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 15-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

16. Заем алушы, жоғары оқу орны мен Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) арасында несие беру сәтіндегі бағамен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайын бекітілетін қаулысына сәйкес несие мөлшерін оқу жылында 1 студентті оқыту шығыстарына кейіннен индекстеу арқылы), оқудың бүкіл мерзіміне

теңгемен жоспарланатын несиенің мөлшері, несиенің мақсаты, несиені берудің шарттары мен өтеудің мерзімдері, тараптардың міндеттемелері, оның ішінде заем алушының несиені қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі (тұрақты табыс көзі бар, бір немесе одан да көп еңбекке қабілетті азаматтардың немесе заңды тұлғалардың кепілгерлігі) көзделетін үш жақты келісім жасалады.

Кәметке толмаған қарыз алушылар ата-аналарының, асырап алушылардың немесе қорғаншылардың келісімімен үш жақты келісім жасайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825, 2003.04.30. N 420 қаулыларымен.

17. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

18. Сенім білдірілген өкіл (агент), Уәкілетті органдар берген заем алушылардың тізіміне сәйкес, несие қаражатын тікелей жоғары оқу орындарының шотына нысаналы мақсат бойынша қолма-қол ақшасыз аударуды жүзеге асырады. Заем алушыларға мемлекеттік білімдік несиенің есебіне қолма-қол ақша қаражатын беруге тыйым салынады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

19. Сенім білдірілген өкіл (агент) оқу аяқталғаннан кейін қарыз алушыға мемлекеттік білім беру несиелері бойынша нақты оқу кезеңіне берілген несиенің жалпы сомасы, оны қайтарудың шарттары мен мерзімі туралы хабарламаны, несиені өтеу кестесін береді, ал қарыз алушы Сенім білдірілген өкілге (агентке) нақты тұратын және/немесе тіркелген жері, жұмысқа орналасқан жері, кепілдік берушінің кірістері туралы мәліметтер береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19-1. Қарыз алушыны басқа оқу нысанына ауыстырған кезде, сондай-ақ студенттер мемлекеттік білім беру несиесі негізінде оқу құқығынан бас тартқан жағдайда мемлекеттік білім беру несиесін алу құқығын беру туралы куәлік ж а р а м с ы з д е п т а н ы л а д ы .

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Науқастануына не мемлекеттік білім беру гранттары бойынша оқуға ауысуына байланысты қарыз алушы оқуын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда қарыз алушы осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіппен оның оқуына жұмсалған соманы қайтарады.

Қарыз алушы оқуын дәлелсіз сипаттағы себептермен не өз еркімен тоқтатқан кезде қарыз алушы оқуды тоқтатқан күннен бастап бір жыл ішінде оның оқуына жұмсалған соманы қайтарады.

Қарыз алушы қайтыс болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда қарыз алушының кепілдік берушілері сенім білдірілген өкілге (агентке) қарыз алушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін және еркін нысанда жазбаша түрде жасалған өтінішті ұсынған кезде мемлекеттік білім беру несиелері бойынша талаптар тоқтатылады.

Қарыз алушы оқу бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақырылған не қарыз алушы жоғары оқу орнынан кейінгі оқуға түскен жағдайда несиені өтеу әскери қызметтен өту және оқу кезеңіне, бірақ екі жылдан аспайтын кезеңге тоқтатылады, бұл ретте несиені өтеу кестесі несиені өтеу мерзімін өзгертусіз түзетуге жатады. Төлеу мерзімін кейінге қалдыру үшін қарыз алушы Сенім білдірілген өкілге (агентке) армияға шақырылғандығын немесе жоғары оқу орнынан кейінгі оқуға түскендігін растайтын тиісті құжаттарды қоса беріп, өтініш беруі қажет.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2007.05.15. N 385 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

21. Қарыз алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда несие мерзімі қарыз алушы, жоғары оқу орны және Сенім білдірілген өкіл (агент) арасындағы үш жақты келісімге тиісті қосымша келісімді ресімдеу арқылы академиялық демалыс кезеңіне ұзартылады. Уәкілетті органның бұл қарыз алушының несиесі бойынша қаржы бөлуі академиялық демалыс кезеңіне тоқтатылады және студенттің оқуын жалғастыруы туралы жоғары оқу орны бойынша бұйрық шыққаннан кейін қайтадан басталады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

3. Мемлекеттік студенттік несиені беру

22. Мемлекеттік студенттік несие - оқып жатқан адамға тамақтануға, тұруға және оқу әдебиеттерін сатып алуға арналған шығындарды ішінара өтеуге берілетін мақсатты несие.

23. Уәкілетті органдар жоғары оқу орындарына мемлекеттік студенттік несиелерді төлеу қорының лимитгерін хабарлайды.

24. Жоғары оқу орны мемлекеттік студенттік несие алуға талапкерлерді іріктейді. Бұл ретте, бірінші кезекте, мемлекеттік студенттік несие

жетім-студенттерге, ата-ана қамқорлығынан айырылған студенттерге, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларынан шыққан студенттерге және емтихандық сессияның қорытындысы бойынша жоғары көрсеткіш алған студенттерге беріледі. Аталған талаптар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен расталуы керек.

25. Жоғары оқу орны жүргізілген іріктеудің нәтижелері туралы мәліметтерді Уәкілетті органдарға хабарлайды.

26. Уәкілетті органдар заем алушыға бір жыл оқуға арналған несиенің мөлшерін теңгемен көрсете отырып, мемлекеттік студенттік несие алуға құқық берілгені туралы хабар береді.

27. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 27-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

28. Заем алушы, жоғары оқу орны мен Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) арасында несие беру сәтіндегі бағамен, оқудың бүкіл мерзіміне теңгемен жоспарланатын несиенің мөлшері, несиенің мақсаты, несиені берудің шарттары мен өтеудің мерзімдері, тараптардың міндеттемелері, оның ішінде заем алушының несиені қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі (тұрақты табыс көзі бар бір немесе одан кеп еңбекке қабілетті азаматтардың немесе заңды тұлғалардың кепілгерлігі) көзделетін үш жақты келісім жасалады. Үш жақты келісім бір оқу жылына жасалады және әрбір келесі оқу жылында қайта жасалуы мүмкін .

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

29. Сенім білдірілген өкіл (агент), жоғары оқу орындары бөлінісінде заем алушылардың тізімдеріне сәйкес, несие қаражатын тікелей жоғары оқу орындарының шоттарына нысаналы мақсаттар бойынша қолма-қол ақшасыз аударуды жүзеге асырады. Жоғары оқу орнының студенттік несие қаражатын беруі үш жақты келісім шарттарына сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қарыз алушылардың кәртішке-шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

30. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 30-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен .

31. Науқастануына не мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысуына байланысты қарыз алушы оқуын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда қарыз алушы берілген студенттік несие сомасын осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіппен қайтарады.

Қарыз алушы оқуын дәлелсіз сипаттағы себептермен немесе өз еркімен тоқтатқан кезде қарыз алушы берілген студенттік несиені сомасын оқуды тоқтатқан күннен бастап бір жыл ішінде қайтарады.

Қарыз алушы қайтыс болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда қарыз алушының кепілдік берушілері сенім білдірілген өкілге (агентке) қарыз алушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін және еркін нысанда жазбаша түрде жасалған өтінішті ұсынған кезде мемлекеттік студенттік несиелер бойынша талаптар тоқтатылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2007.05.15. N 385 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Несиені қаражатының мақсатты пайдаланылуын және несиелердің өтелуін бақылау

32. Уәкілетті органдар несиені қаражатының уақытылы және мақсатты пайдаланылуын, сондай-ақ қаражаттың бюджетке уақытылы қайтарылуын бақылауды жүзеге асырады.

33. Сенім білдірілген өкіл (агент) түскен несиені қаражаттарының сомалары туралы белгіленген нысан бойынша қарыз алушылар, мамандықтар мен курстар бөлінісінде тоқсан сайын Уәкілетті органдарға мәліметтер беріп отырады. Бұл ретте мәліметтерде қарыз алушылардың мемлекеттік білімдік несиелендіру шеңберінде жасасқан шарттарының нөмірлері мен күндері көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

34. Заем алушы басқа жоғары оқу орнына ауысқан, оған академиялық демалыс берілген, ол оқудан шығарылған және заем алушының басқа да ауысулары болған, не заем алушының жоғары оқу орнымен байланысы үзілген жағдайда, жоғары оқу орны бұл туралы Уәкілетті органға және Сенім білдірілген өкілге (агентке) дереу хабарлайды.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1825 қаулысымен.

35. Уәкілетті мемлекеттік органдар жыл сайын Қазақстан Республикасының Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органына жоғары оқу орындарына аударылған несиені қаражатының сомасы туралы, мамандықтар топтары бойынша жоғары оқу орындары мен қарыз алушылар бөлінісінде несиелерді өтеу және игерілмеген қаражатты қайтару сомасы туралы мәліметтер, Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті қаржы-экономикалық

негіздемелермен және есептеулермен бірге мемлекеттік білімдік және мемлекеттік студенттік несиелерді қайтарудың болжамды көлемі туралы мәліметтер беріп тұрады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 420 қаулысымен.

36. Сенім білдірілген өкіл (агент) Қазақстан Республикасы Көші-қон полициясының қызметтерімен (бұдан әрі - көші-қон полициясы) келісім бойынша оларға Сенім білдірілген өкіл (агент) алдында мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша берешегі бар азаматтардың тізімін береді. Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша берешегі бар азаматтар көші-қон полициясына елден тысқары шығу мақсатымен өтініш жасаған жағдайда, көші-қон полициясы Сенім білдірілген өкілді (агентті) әрбір жағдай бойынша жеке хабардар етеді.

Ескерту. 36-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.10. N 1117 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.